| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Қызығушылығын ояту** | **Сәлемдесу:** Шеңберге тұрып, амандасады.<br><br>Ғажайып сәт.<br>-Балалар менің қолымдағы қорапта не бар екенін білесіңдер ме?<br>-Бірге тамашалайық.<br>Кел балалар күлейік,<br>Күлкіменен тілейік.<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік.<br>-Жарайды, бірге тамашалайық.<br>-Балалар біз денеміздегі мүшелердің аттарын білеміз бе? Қорапта адамның дене мүшелері бар екен. Құрастырайық. | | | | |
| **Артикуляциялық жаттығулар** | **Артикуляциялық жаттығулар орындау**<br>«Сылақшы» жаттығуы<br>Ауыз сәл ашық, тілдің ұшымен таңдайды жалау. 10 - 15 рет қайталау. | | | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td colspan="2">


«Сағат» жаттығуы

«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.



Самат сағат сатып алды<br>Сағат Саматқа ұнап қалды<br>Анасына, әкесіне көрсетіп<br>Көрімдік қалтасына мол салды.

**Тыныс алу жаттығуларын орындау**

***«Сүңгігіштер жаттығуы»***

Балалар қолдарын 2 жаққа ұстап, ауызбен дем алып, қолдарымен өздерін құшақтап, отырып мұрынмен дем шығарады.(судың астына түскенді көрсетеді)

***«Кім жылдам» жаттығуы***

Балалар мұрынмен тыныс алып шарларды ауызбен үрлейді. Ережеге сай демалып, шарды ең үлкен үрлеген бала жеңіске жетеді.

***«Жел гулейді» жаттығуы***

Ауызды азырақ ашып, у дыбысын бірқалыпты ұзақ айту (ууууууу)
</td>
</tr>
<tr>
<td>Негізгі кезең</td>
<td>
Жаңа тақырыпты түсіндіру.

1. Балаларға қыс мезгілінің суретін көрсетеді.

• «Бұл – қыс. Қыста қар жауады. Қысқы күндер суық болады.»
</td>
<td>
Әңгімелеу

Балаларға қыс мезгілінің суретін көрсетеді.<br>Балалардан сөздерді қайталауды сұрайды:

• «Қар. Суық. Аққала.»
</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | <br>2. Қыс мезгілінің негізгі белгілерін атайды:<br>• Қар жауады.<br>• Суық жел соғады.<br>• Адамдар жылы киінеді.<br>• Балалар қармен ойнайды, шана тебеді.<br>4. Тақырыптық ойындар:<br>1. «Суретті тап» ойыны:<br>Мақсаты: Зейін мен сөйлеу дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы:<br>• Логопед балаларға суреттерді көрсетеді (қар, шырша, шана, аққала).<br><br>• Балалар суреттерді атайды және қысқа қатысты белгілерді таңдайды:<br><br>«Бұл – қар. Бұл – шырша.»<br><br>2. «Аққаланы жина» ойыны:<br>Мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын және сөздік қорын дамыту.<br>Ойын барысы:<br>• Балалар мақта немесе қағаздан аққала құрастырады. | <br>4. Тақырыптық ойындар (7 минут):<br>1. «Суретті тап» ойыны:<br>Мақсаты: Зейін мен сөйлеу дағдыларын дамыту.<br><br>Ойын барысы:<br><br>• Логопед балаларға суреттерді көрсетеді (қар, шырша, шана, аққала).<br><br>• Балалар суреттерді атайды және қысқа қатысты белгілерді таңдайды:<br><br>«Бұл – қар. Бұл – шырша.»<br>**I. Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру**<br>**«Д'» дыбысын айтқандағы артикуляциялық қалыппен таныстыру** |

- Әр бала аққала туралы қысқа сөйлем құрайды:

«Аққала ақ түсті. Аққала қардан жасалады.»

**I. Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру**

**«Нʹ» дыбысын айтқандағы артикуляциялық қалыппен таныстыру**



*«Нʹ» дыбысын айтқанда тілдің ұшы үстіңгі тістерге тіреледі, ортаңғы бөлігі төмендейді. Шығарылған ауа мұрын арқылы шығады. дауыс сіңірлері жұмыс істейді. Тамақ дірілдейді.(дауыс шығады.)*

**Дыбысты буында, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға үйрету**

**1-тапсырма**

*Буындарды қайталаңдар*

**НІ – НІ – НІ –НІ　　　ІН – ІН - ІН –ІН**
**НИ – НИ – НИ – НИ　　　ИН – ИН – ИН - ИН**
**НЕ – НЕ – НЕ – НЕ　　　ЕН – ЕН - ЕН - ЕН**
**НҮ – НҮ – НҮ – НҮ　　　ҮН – ҮН – ҮН - ҮН**
**НӘ- НӘ – НӘ –НӘ　　　ӘН – ӘН - ӘН – ӘН**

**2-тапсырма**

*«ЖАҢҒЫРЫҚ» ойыны арқылы суреттерге қарап, сөздерді қайталаңдар.*



*«Дʹ» дыбысын айтқанда тілдің ұшы астыңғы тістерге тіреледі, ортаңғы бөлігі өркеш болып дөңестеніп, алдыңғы бөлігімен үстіңгі тістерге тіреледі.. Шығарылған ауа арқылы тіл таңдайдан ажыратылады. дауыс сіңірлері жұмыс істейді. Тамақ дірілдейді.(дауыс шығады.)*

**Дыбысты буында, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға үйрету**

**1-тапсырма**

*Ашық және жабық буындарды қайталаңдар*

**ДІ – ДІ – ДІ　　　ІД –ІД –ІД**
**ДҮ – ДҮ –ДҮ　　　ҮД – ҮД - ҮД**
**ДЕ – ДЕ –ДЕ　　　ЕД –ЕД- ЕД**
**ДИ –ДИ – ДИ　　　ИД – ИД – ИД**
**ДӘ – ДӘ –ДӘ　　　ӘД – ӘД –ӘД**

**2-тапсырма**

*Суреттерді атаңдар*





- ІН - ине





- ән - үн

**ІІ. Етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру**

**3-тапсырма**

*<u>Сұрақтарға дұрыс, әрі толық жауап беріңдер</u>*

- **Балалар не істеп жатыр?**






- **Балалар не істеп жүр?**



**Дәрі** ___



**дән**



**_дүкенші**



**- дүкен.**

**Сергіту сәті**

«Қаражорға» әніне билету

**ІІ. Етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру**

**3-тапсырма**

- ***<u>«Дастан қазір не істеп жатыр?»сұрағына жауап беріңдер</u>***



**3-тапсырма (ауызша)**

- *Балалар келесі тапсырмада дәл қазір болып жатқан іс-әрекеттерді білдіретін, кеше өтіп кеткен іс-әрекетті білдіретін және ертең болатын іс-әрекетті білдіретін сөздерді тауып, өз кәрзеңкелеріне салуларың керек.*




**Сергіту сәті**

Балалармен «Өрмекші» ойынын ойнау

Ойынның шарты: Балалаларға ортаға дөңгеленіп тұрады. баланың біреуіне тоқитын дөңгелек жіп ұстатылады. Содан кейін сол жіпті 1 бала басқа бір балаға лақтырып сұрақ қояды. Ол жіпті қағып алып қойылған сұраққа жауап береді. Жауап бере алмай қалса, баланың тілегін орындайды.

**4-тапсырма**

*Сұрақтарға суретке қарап жауап беріңдер.*



**4-тапсырма**

*Берілген сызбаға сәйкес сөйлем құрастырып айтыңдар және жазыңдар.*

__________ __________ _________ ойнап жүр.
________ ________ _______ жинап жатырмын.
__________ _________ _________ жаттап отыр.

**ІІІ. Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту**

**5-тапсырма**

*Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған тапсырма*

*Түстері бойынша моншақтарды бөліп жинаңдар*



**6-тапсырма**

| | | |
|---|---|---|
| | - **Сен не істеп жатырсың?**<br><br> | *Лабиринт «Итке сүйекке жетуге көмектесіңдер».*<br>*Сүйекке жетер жолды бояңдар*<br><br>**7-тапсырма**<br>*Көріп қабылдауын дамытуға арналған* |
| **Сабақтың соңы** | -жарайсыңдар балалар!<br>- бүгінгі сабақ ұнады ма? | жарайсыңдар балалар!<br>- бүгінгі сабақ ұнады ма? |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**<u>Желтоқсан 2024 жыл 3 апта</u>**

## Сабақтың мақсаты:

- Танымдық аймағын дамыту; Етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру;
- «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық  әрекет.<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге кеңес беру. Баладағы өзгерістер  мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Қызығушылығын ояту** | **Сәлемдесу:** Шеңберге тұрып, амандасады.<br><br>Ғажайып сәт.<br>-Балалар менің қолымдағы қорапта не бар екенін білесіңдер ме?<br>-Бірге тамашалайық.<br>Кел балалар күлейік,<br>Күлкіменен тілейік.<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік.<br>-Жарайды, бірге тамашалайық.<br>-Балалар біз денеміздегі мүшелердің аттарын білеміз бе? Қорапта адамның дене мүшелері бар екен. Құрастырайық. | | | | |
| **Артикуляциялық жаттығулар** | **Артикуляциялық жаттығулар орындау**<br>«Сылақшы» жаттығуы<br>Ауыз сәл ашық, тілдің ұшымен таңдайды жалау. 10 - 15 рет қайталау.<br><br><br>«Сағат» жаттығуы<br>«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек. | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Самат сағат сатып алды<br>Сағат Саматқа ұнап қалды<br>Анасына, әжесіне көрсетіп<br>Көрімдік қалтасына мол салды.<br><br>**Тыныс алу жаттығуларын орындау**<br>*«Сүңгігіштер жаттығуы»*<br>Балалар қолдарын 2 жаққа ұстап, ауызбен дем алып, қолдарымен өздерін құшақтап, отырып мұрынмен дем шығарады.(судың астына түскенді көрсетеді)<br><br>***«Кім жылдам» жаттығуы***<br>Балалар мұрынмен тыныс алып шарларды ауызбен үрлейді. Ережеге сай демалып, шарды ең үлкен үрлеген бала жеңіске жетеді.<br><br>***«Жел гүлейді» жаттығуы***<br>Ауызды азырақ ашып, у дыбысын бірқалыпты ұзақ айту (ууууууу) | |
| **Негізгі кезең** | **Жаңа тақырыпты түсіндіру.**<br>• Балаларға көңілді атмосфера орнату үшін ойын:<br>Ойын: «Құс болып ұшамыз»<br>• Тәрбиеші: «Кәне, бәріміз құстардай қанат қағып ұшамыз!» (Балалар қолдарын қанат сияқты қағады).<br><br>Сұрақтар:<br>• Балалар, құстар не істейді?<br>• Құстар қыста қайда кетеді?<br><br>2. Негізгі бөлім (15-20 минут)<br><br>2.1 Әңгімелеу<br>• Балаларға қыстайтын құстар туралы қысқаша айтып беру:<br>«Құстардың кейбіреуі жылы жаққа ұшып кетеді, ал кейбір құстар қыстап қалады. Қыстайтын құстардың ішінде торғай, қарға, көгершін, тоқылдақ сияқты құстар бар. Қыста тамақ табу қиын болғандықтан, оларға адамдар көмектеседі. Біз оларға жемсауыт жасап, тамақ берсек, құстар аман-есен қыстан шығады».<br><br>2.2 Құстармен таныстыру<br>• Суреттерді немесе ойыншықтарды көрсету:<br>Торғай, Қарға, Тоқылдақ, Көгершін.<br>• Әр құстың ерекшелігін айтып беру: | • **Шеңберге тұрғызып, сергіту сәтін өткізу:**<br>Сергіту сәті:<br>«Ұш, ұш, торғайым,<br>Көкке самға, торғайым.<br>Тамақ ізде, қар түсті,<br>Ашық тұр маңдайың!»<br><br>Сұрақтар:<br>• Балалар, қыста құстар не істейді?<br>• Қыста барлық құстар бізбен бірге қала ма?<br>**Әңгімелеу**<br>• Қыстайтын құстардың атауларымен таныстыру:<br>Торғай, қарға, тоқылдақ, көгершін.<br>• Әр құстың ерекшеліктерін айту:<br>• Торғай – кішкентай, адамдар берген дәндерді жейді.<br>• Қарға – ірі құс, қоқыстан тамақ іздейді.<br>• Тоқылдақ – ағашты тоқылдатып, қоңыздарды табады.<br>• Көгершін – қалада тіршілік етеді, нан қиқымдарын жейді.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Суреттен құсты тап»**<br>• Балаларға әртүрлі құстардың суреттерін көрсетіп, қай құс қыста қалатынын анықтауды сұраңыз.<br>Мысалы: |

| | | |
|---|---|---|
| | • Торғай – кішкентай, пысық құс.<br>• Қарға – ірі, қара құс.<br>• Тоқылдақ – ағашты тоқылдатып, жәндіктерді іздейді.<br>• Көгершін – қалада жиі ұшырайды, ұясы биікте болады.<br><br>2.3 Дидактикалық ойын: «Бұл қандай құс?»<br>• Логопед сипаттама береді, балалар құстың атын атайды.<br>Мысалы:<br>• «Бұл құс ағашты тоқылдатып, жәндіктерді іздейді» (Тоқылдақ).<br>• «Бұл кішкентай құс, ол адамдар берген дәнді жейді» (Торғай).<br><br>2.4 Қимылдық ойын: «Құстар ұшады»<br>• Егер тәрбиеші «Құстар ұшады» десе, балалар құстардай қанат қағады.<br>• Егер «Құстар демалады» десе, балалар қозғалмай отырады.<br>**Тыныс алу жаттығуларын орындау**<br>**«Қолды үрлеп ысқылау арқылы жылыту»**<br>Шарты: аязға тоңған қолдарымызды үрлеп, ысқылап қыздырамыз, жылытамыз. Жылдам-жылдам ысқылаймыз.<br>**«Құстың қанатын қағуына көмектес»**<br>Шарты: мына құстың қанаты жараланған, қанекей емдем жіберейік. Сендер үрлесеңдер ол қанатын жазып ұшып кетеді. Балалар құстың қанатына үрлейді. Сол мезетте құс ұшып кетеді, рахмет айтады.<br>**І. Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру**<br>**«С'» дыбысын айтқандағы артикуляциялық қалыппен таныстыру** | • Көрсетілген құстар ішінде аққу мен қарғаның суреті болса, балалар тек қарғаны таңдайды.<br><br>Құстардың дауысын тыңдау<br>• Қыстайтын құстардың дауысын қосу (мысалы, торғайдың шырылы, қарғаның қарқылы).<br>• Балалардан «Бұл қай құс?» деп сұрау.<br>**І. Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру**<br>**«Х» дыбысын айтқандағы артикуляциялық қалыппен таныстыру**<br><br>*«Х» дыбысын айтқанда тілдің ұшы астыңғы тістен алыстайды. Тілдің ортаңғы бөлігі өркеш болып, қатты дөңестенеді. дауыс сіңірлері қалыпты жағдайда. Тамақ дірілдемейді.(дауыс шықпайды)*<br><br>**Дыбысты буында, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға үйрету**<br>**1-тапсырма**<br>*Менімен бірге қайталаңдар*<br> |



*«С'» дыбысын айтқанда тістер тығыз жабылған. Еріндеріміз сәл күлімсіреп, созылады. Тілдің ұшы астыңғы тістен сәл шегінеді. Тілдің ортаңғы бөлігі дөңестенеді. дауыс сіңірлері қалыпты жағдайда. Тамақ дірілдемейді.(дауыс шықпайды)*

**Дыбысты буында, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға үйрету**

**1-тапсырма**

*«Шыбындарды аулау» ойыны*




**2-тапсырма**

*Суретті сөздерді қайтала.*

**Қоян**  **жегенді ұнатады.**



**Айжан**



**Есіктің алдында** **өсіп тұр.**




**2-тапсырма**

*Суреттердіатаңдар, сол сөзді қатыстырып сөйлем құрастырыңдар*




**ІІ. Етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру**

**3-тапсырма**

*Суретке қарап, не жасайын деп жатқанын айтыңдар*



**4-тапсырма.**

*Суретке қарап, сөйлем құрастырыңдар.*

*«Өз күн тәртібім»*

**Ит**  **жақсы көреді.**

**Сергіту сәті**

«Қаражорға» әніне билету

**ІІ. Етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру**

**3-тапсырма**

*Ертең не істейтіндеріңді суреттерге қарап, сөйлем құрау арқылы айтыңдар.*



**4-тапсырма**

*Мен сөйлемдердің басын айтамын, сендер етістік қосып аяқтаңдар*

Мен өскенде ұшқыш ..............

Мен таңертең сабаққа ................

Екі аптадан соң қыстың демалысы ...........

Қысқы демалыста мен ата-әжеме ...............

Қыс мезгілінен кейін көктем мезгілі ...............

Ойын: «Не істеп жатыр?» (Осы шақ)

Мақсаты: Балалардың осы шақ формасын тануы мен сөйлеуде қолдануын дамыту.

Қалай ойнауға болады:

- Балаларға суреттерді (немесе нақты әрекеттерді) көрсетіңіз, мысалы:
- Бала жүгіріп жатыр.
- Құс ұшып жатыр.
- Мысық сүт ішіп жатыр.
- Әр суреттің қимылын түсіндіріп, «Бұл бала не істеп жатыр?» деп сұраңыз.






**Сергіту сәті**

**Қимылдық ойын: «Құстар қонақта»**

- Балалар құстардың қимылдарын бейнелейді:
- Торғай – секіреді.
- Қарға – қарқылдайды.
- Тоқылдақ – ағашты тоқылдатады.
- Көгершін – басын шайқап, баяу қозғалады.

Ойын: «Шақтарға бөлеміз»

Мақсаты: Балаларды етістік формаларын ажыратуға үйрету.

Қалай ойнауға болады:

- Суреттер немесе қимылдарды көрсетіңіз:
- Балалар етістікті қай шаққа жататынын айтуы керек.
- Мысалы, суретте:
- Бала тамақ ішіп жатыр → Осы шақ.
- Бала ойнап жүрді → Өткен шақ.
- Бала ертең ойнайды → Келер шақ.

Шығармашылық жұмыс: «Шақ туралы сурет сал»

Мақсаты: Балалардың сөйлеу және қиялдау қабілетін дамыту.

Қалай ойнауға болады:

- Балаларға тапсырма беріңіз:
- «Кеше сен не істедің? Соның суретін сал».
- «Ертең не істейсің? Соны суретте».
- Сурет аяқталған соң, әр бала өз суретін көрсетіп, түсіндірсін:
- «Бұл – кеше менің доп ойнағаным».
- «Бұл – ертең менің ойыншықпен ойнайтыным».

Қимылдық ойын: «Кім тез ойланады?»

Мақсаты: Балалардың етістік шақтарын ажырату жылдамдығын арттыру.

Қалай ойнауға болады:

| | | |
|---|---|---|
| | • Балалар дұрыс жауап береді: «Ол жүгіріп жатыр», «Мысық сүт ішіп жатыр».<br>Ойын: «Кеше не істедің?» (Өткен шақ)<br>Мақсаты: Балалардың өткен шақты дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру.<br>Қалай ойнауға болады:<br>• Балаларға сұрақтар қойыңыз:<br>• «Кеше сен не істедің?»<br>• «Кеше қандай ойын ойнадың?»<br>• Балалардың жауаптарына назар аударыңыз: «Мен доп ойнадым», «Мен сурет салдым».<br>• Балаларға өтірік-қалжың жауаптар беріп, дұрыс түзетуін сұраңыз:<br>• Логопед: «Сен кеше ұштың ба?»<br>• Бала: «Жоқ, мен ұшқан жоқпын. Мен жүгірдім». | • Логопед әртүрлі етістіктерді айтады, балалар олардың қай шақта екенін анықтайды:<br>• «Секіремін» – Келер шақ.<br>• «Оқыдым» – Өткен шақ.<br>• «Жазып жатырмын» – Осы шақ. |
| **Сабақтың соңы** | -жарайсыңдар балалар!<br>- бүгінгі сабақ ұнады ма? | жарайсыңдар балалар!<br>- бүгінгі сабақ ұнады ма? |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**<u>Желтоқсан 2024 жыл 4 апта</u>**

**Сабақтың мақсаты:**

- Етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру;
- «Қыстық мерекелер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет.<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Қызығушылығын ояту** | **Сәлемдесу:** Шеңберге тұрып, амандасады.<br><br>Ғажайып сәт.<br>-Балалар менің қолымдағы қорапта не бар екенін білесіндер ме?<br>-Бірге тамашалайық.<br>Кел балалар күлейік,<br>Күлкіменен тілейік.<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік.<br>-Жарайды, бірге тамашалайық.<br>-Балалар біз денеміздегі мүшелердің аттарын білеміз бе? Қорапта адамның дене мүшелері бар екен. Құрастырайық. | | | | |
| **Артикуляциялық жаттығулар** | **Артикуляциялық жаттығулар орындау**<br>«Сылақшы» жаттығуы<br>Ауыз сәл ашық, тілдің ұшымен таңдайды жалау. 10 - 15 рет қайталау.<br><br>«Сағат» жаттығуы<br>«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="2"><br>Самат сағат сатып алды<br>Сағат Саматқа ұнап қалды<br>Анасына, әкесіне көрсетіп<br>Көрімдік қалтасына мол<br>салды.<br><br>Тыныс алу жаттығуларын орындау<br>«Сүңгігіштер жаттығуы»<br>Балалар қолдарын 2 жаққа ұстап, ауызбен дем алып, қолдарымен өздерін құшақтап, отырып мұрынмен дем шығарады.(судың астына түскенді көрсетеді)<br><br>«Кім жылдам» жаттығуы<br>Балалар мұрынмен тыныс алып шарларды ауызбен үрлейді. Ережеге сай демалып, шарды ең үлкен үрлеген бала жеңіске жетеді.<br><br>«Жел гулейді» жаттығуы<br>Ауызды азырақ ашып, у дыбысын бірқалыпты ұзақ айту (ууууууу)</td></tr>
<tr><td>Негізгі кезең</td><td>Бүгін біз қысқы мерекелер туралы сөйлесеміз. Қане, барлығымыз көңілді шеңберге тұрып, қысқы ән айтайық!»<br>• Қысқы өлең:<br>«Ақ қар жауады,<br>Шырша құлпырған.<br>Мереке келді,<br>Қуантты барша адам!»<br><br>Қимылды ойын<br>Мақсаты: Қимыл белсенділігін арттыру, ойын арқылы мерекелік атмосфера қалыптастыру.<br>• Ойын: «Қар лақтырайық!»<br>• Балаларға мақта немесе ақ доп беріледі. Олар «қарды» бір-біріне лақтырып, ойнайды.<br>• Ойын: «Кім тез безендіреді?»<br>• Балалар шыршаны ойыншықтармен (қағаздан жасалған немесе дайын) жылдам безендірулері керек.<br><br>Шығармашылық жұмыс<br>Мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын және</td><td>Әңгімелесу және таныстыру<br><br>Мақсаты: Қысқы мерекелер туралы білім беру.<br>• Қыс мезгілін сипаттау:<br>• Қыста не болады? (Қар жауады, күн суытады).<br>• Қандай мерекелерді білеміз? (Жаңа жыл, Рождество).<br>• Суретпен жұмыс:<br>• Балаларға қысқы мерекелер бейнеленген суреттерді көрсету (шырша, сыйлықтар, қар ұлпалары).<br>• Сұрақтар қою:<br>• Шыршаны кім безендіреді?<br>• Сыйлықтарды кім әкеледі?<br>Әңгімелесу және таныстыру<br><br>Шығармашылық жұмыс<br>Мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын және шығармашылық қабілеттерін дамыту.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>• Қар ұлпасын жасау:<br>• Балалар қағазды қайшымен қиып, қар ұлпасын жасайды.<br>• Шыршаны бояу:<br>• Балаларға шыршаның суретін беріп, оны бояуға ұсынады.<br>• Қосымша: шыршаның үстіне жұлдыздар мен ойыншықтар жапсыру.<br><br>**Тыныс алу жаттығуларын орындау**<br>**«Қолды үрлеп ысқылау арқылы жылыту»**<br>Шарты: аязға тоңған қолдарымызды үрлеп, ысқылап қыздырамыз, жылытамыз. Жылдам-жылдам ысқылаймыз.<br>**Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру**<br>**1-тапсырма**<br>*Дауысты дыбыстар әнін орындаңдар*<br>**А – А – А – А – А**<br>**О – О – О – О – О**<br>**И – И – И – И – И**<br>**Ы – Ы – Ы – Ы – Ы**<br>**2-тапсырма**<br>*Әнде кездескен дауысты дыбыстарды тауып бояңдар.* | • Қар ұлпасын жасау:<br>• Балалар қағазды қайшымен қиып, қар ұлпасын жасайды.<br>• Шыршаны бояу:<br>• Балаларға шыршаның суретін беріп, оны бояуға ұсынады.<br>• Қосымша: шыршаның үстіне жұлдыздар мен ойыншықтар жапсыру.<br><br>. **I. Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру**<br>**1-тапсырма**<br>*Мен көрсеткен әріптерді менімен бірге, содан соң менен кейін айтыңдар*<br>**А, О , У , И , Ы , Б, М , П , Т', Н', Д', С', Х**<br><br>**2-тапсырма**<br>*«Жаңғырық» ойыны*<br>*Мен сөздерді айтамын, сендер сол сөздерді жаңғырық секілді қайталайсыңдар*<br>**Берілген сөздер: ағаш, аю, орман, орақ, уық, уылдырық, ирек, инелік, ырыс, Ыдырыс, бала, бақша, мата, мақта, парта, піл, тікен, тиін, дәріхана, дүкен, сүйек, сүзбе, хат, ханзада**<br>**II. Етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру** |

*дауыссыз дыбыстарды қосу арқылы буындарды қайталаңдар*



**БА, БО, БИ, БЫ**
**МА, МО, МИ, МЫ**
**ПА, ПО, ПИ, ПЫ**
**ТА, ТО, ТИ, ТЫ**
**НА, НО, НИ, НЫ**
**ДА, ДО, ДИ, ДЫ**
**СА, СО, СИ, СЫ**
**ХА, ХО, ХИ, ХЫ**

**3-тапсырма**

*Атына сай заттарды тауып көрсетіңдер, аттарын қайталап айтыңдар*

*Логопед алдымен заттың атын атайды, бала тауып көрсетіп, қайталап айтады.*











**3-тапсырма**

*Балалар қазір мен сендерге етістіктер айтамын, сендер оның қашан болғанын табуларың қажет*

| **Сөздер** | **Қазір болып жатқан әрекет** | **Кеше болған әрекет** | **Енді болатын әрекет** |
|---|---|---|---|
| Жазып отыр | + | | |
| Барар | | | + |
| Келмекші | | | + |
| Айтыппын | | + | |
| Оқыған едік | | + | |
| Келесіңдер | | | + |
| барғанмын | | + | |
| Келіп отыр | + | | |
| Келіп кетпек | | | + |

**4-тапсырма**

*Балалар мен қазір сендерге сөйлемдер айтамын, сендер оны кеше болып кеткен іс-әрекетке айналдырып айтасыңдар.*

Жандос футбол ойнап жүр.
Айжан гүл ге су құйып жүр.
Алихан сабақ оқып отыр.
Мен дүкенге келдім.
Атам ағаш отырғызып жүр.

**III. Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту**

**5-тапсырма**

*Суретте әңгімеле*

| | | |
|---|---|---|
| |   <br><br>**II. Етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру**<br>**4-тапсырма**<br>**«Кеше, бүгін, ертең» ойынын ойнату.**<br>*Балалар мен сендерге қазір етістіктер айтамын, сендер сол етістіктерді пайдаланып кеше, бүгін ертең сөздерімен тіркестіресіңдер*<br>**Керекті етістіктер:** ойнау, бару, келу, апару, жүгіру, көтеру, жабу, отыру,<br><br>**5-тапсырма**<br>*«Кеше» сөзін пайдаланыр, кешегі күн тәртібін жайлы айтып беріңдер*<br> |  |
| **Сабақтың соңы** | -жарайсыңдар балалар!<br>- бүгінгі сабақ ұнады ма? | жарайсыңдар балалар!<br>- бүгінгі сабақ ұнады ма? |

Бекітемін
«Аяла» санаторлық бөбекжайы»
КММ-сі директоры
__________ А.О.Өмірзақ
«_____» _______________2025ж

**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған ІІ-деңгейдегі балалармен жүргізілетін топтық ұйымдатырылған іс-әрекеттің екінші жартыжылдыққа арналған перспективалық жоспары**

**Логопед: Бекжигитова К.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қаңтар | 1 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - «Астында-үстінде», «алдында-артында-жанында», үстеу мәндерін ажырату және қолдану дағдыларын дамыту;<br>- Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;<br>- «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |
| | 2 апта | Сөз түсінігін дамыту<br>Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - «Алыс-жақын» үстеу мәндерін ажырату және қолдану дағдыларын дамыту;<br>- Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;<br>- «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту;<br>- Бір тыныста бөлмей айтуға үйрету; |
| | 3 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - «Ішінде», «үстінде», «артында» үстеулерін қолдануға үйрету;<br>- Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;<br>- «Жабайы аңдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |
| | 4 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын **жетілдіру;**<br>- Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;<br>- «Теңіз мекенетушілері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамдыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту;<br>- Танымдық аймақтарын дамыту; |
| Ақпан | 1 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сан есімдерді зат есімдермен байланыстыру дағдыларын жетілдіру;<br>- «Мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту;<br>- Зейіні мен есте сақтауын дамыту; |
| | 2 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Тәуелдік жалғаулы есімдіктерді қолдану дағдыларын **бекіту;**<br>- Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;<br>- «Мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту; |
| | 3 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;<br>- «Көлік түрлері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту;<br>- Фонематикалық қабылдауды дамыту |
| | 4 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;<br>- «Көліктегі мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; |
| Наурыз | 1 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - «Мен» жіктеу есімдігін зат есіммен байланыстыру дағдыларын жетілдіру;<br>- Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;<br>- «Менің көшем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Танымдық аймағын дамыту; |
| | 2 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Өткен шақтағы етістіктерді қолдану дағдыларын жетілдіру;<br>- Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;<br>- «Көктем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту;<br>- Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; |
| | 3 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Осы шақтағы етістіктерді қолдану дағдыларын жетілдіру;<br>- Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;<br>- «Наурыз мерекесі» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Танымдық аймақтарын дамыту; |
| | 4 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Берілген графикалық схема бойынша сөйлемдерді құра алуға оқыту: «кім? – сипаты- зат – әрекет»;<br>- «Ыдыстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту;<br>- Артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл¬-қозғалысын дамыту; |
| Сәуір | 1 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді (сұрау, лепті, хабарлау) ажырата алуға үйрету;<br>- «Менің үйім» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту |
| | 2 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді (сұрау, лепті, хабарлау) ажырата алуға үйрету;<br>- «Жиһаздар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |
| | 3 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сұраулы сөйлемдерді құрастыру дағдыларын қалыптастыру: «Бұл не?», «Бұл кім?»;<br>- «Гүлдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Фонематикалық қабылдауды дамыту |
| | 4 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Заттық суреттер мен сұрақтарға сүйене отырып, сөйлемдерді құрастыруға үйрету;<br>- «Мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 5 апта | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту;<br>- Фонематикалық қабылдауды дамыту |
| Мамыр | 1 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Заттық суреттер мен сұрақтарға сүйене отырып, 3-4 сөзден тұратын сөйлемді құрастыруға үйрету;<br>- «Менің Қазақстаным!» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |
| | 2 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Схема және тірек суреттері бойынша қысқа сипатта әңгімелерді құрастыра алуға үйрету;<br>- «Туған өлкем»» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту | - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;<br>- Есту және көру зейінін дамыту; |

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
## Қаңтар 2025 жыл 1 апта

**Сабақтың мақсаты:**

- «Алыс-жақын» үстеу мәндерін ажырату және қолдану дағдыларын дамыту;
- Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;
- «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
- Үй құстарын күту, адамға пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Ілік септігіндегі зат есімдерді құрай алу дағдыларын дамыту;

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет.<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Қызығушылығын ояту** | "Құстарды тап" ойыны:<br>Балаларға құстардың дауыстары жазылған аудио қосылады (тауықтың қыт-қыттауы, әтештің шақыруы, қаздың қаңқылдауы). Балалар қай құстың даусы екенін табады. | | | | |
| **Артикуляциялық жаттығулар** | **Артикулияциялық жаттығулар:**<br><br>**«Күрекше»** - жалпақ тілді ауыз қуысынан шығарып, төменгі ерінге салып, 10-15 секунд ұстап тұру керек.<br>**«Кесе»** – ауыз кең ашық, жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп, 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек.<br>**«Тәтті тосап»** - жалпақ тілімен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысынына тереңірек кіргізіп ұстау. 10-15 рет қайталау керек.<br>**«Сылақшы»** - ауыз кең ашық, тілдің ұшымен қатты таңдайды сылау. Бағытын өзгерте отырып, 10-15 рет қайталау | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Тыныс алу жаттығулары** | **Тыныс алу жаттығулары:**<br>- жапырақты үрлеу. | |
| **Негізгі кезең** | **Үй құстары туралы әңгімелеу, түсіндіру**<br>-Балаларға үй құстарының түрлері (тауық, әтеш, үйрек, қаз) көрсетіледі.<br>-Әр құстың ерекшелігі мен пайдасы түсіндіріледі (жұмыртқа, ет, мамық).<br>-Үй құстары жабайы құстардан қалай ерекшеленетіні айтылады.<br><br>1. “Құстарды ажырат”<br>Мақсаты: Үй және жабайы құстарды ажырату.<br>Құралдар: Құстардың суреттері.<br>Барысы: Логопед әртүрлі құстардың суреттерін көрсетеді. Балалар үй құстарын тауып, аттарын атайды.<br>2. “Құстардың жұмыртқасы”<br>Мақсаты: Санай білу дағдысын дамыту.<br>Құралдар: Себеттер мен жұмыртқалардың суреті.<br>Барысы: Балалар себеттерге жұмыртқаларды салады да, олардың санын айтады. | **Үй құстары туралы әңгімелеу, түсіндіру**<br>-Құс шаруашылығының пайдасы:<br>Балаларға үй құстарының адамдарға пайдасы түсіндіріледі:<br>-Жұмыртқа береді.<br>-Еті мен мамығы пайдалы.<br>-Ауылда құстар қораны безендіреді.<br><br><br>1. “Ұқсасын тап”<br>Мақсаты: Құстардың сыртқы ерекшеліктерін тану.<br>Құралдар: Құстар мен олардың бөлшектерінің суреттері (тұмсық, қанат, қауырсын).<br>Барысы: логопед тұмсық немесе қанат көрсетеді, ал балалар қай құсқа тиесілі екенін айтады.<br>2. “Жұмыртқаны тап”<br>Мақсаты: Логикалық ойлауды дамыту.<br>Құралдар: Құстар мен ұялардың суреттері.<br>Барысы: Балаларға әр құстың жұмыртқасы қайда екенін табу тапсырмасы беріледі.<br>3. “Құстар қайда тұрады?”<br>Мақсаты: Үй құстарының мекенін ажырату.<br>Барысы: Мұғалім әр құстың мекенін сипаттайды (қора, су, ұя), ал балалар құстың атауын атайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | 3. “Құстардың қозғалысы”<br>Мақсаты: Балалардың қимылдарын дамыту.<br>Құралдар: Ашық алаң немесе топ бөлмесі.<br>Барысы: Логопед бір құстың атын айтады, балалар оның қозғалысын салады (тауық –– қыт-қыттап жүру, қаз — қанаттарын қағып, қаңқылдау).<br><br>**4. Фонематикалық естіп қабылдауын дамыту**<br>1. “Сөздің басын тап”<br>Мақсаты: Дауысты дыбыстарды ажырату.<br>Барысы: Мұғалім “Тауық”, “Үйрек”, “Әтеш” сөздерін буынға бөліп айтады, балалар қай дыбыстан басталатынын атайды.<br>2. “Дыбыстар қайда тығылды?”<br>Мақсаты: Сөздерден белгілі дыбысты табу.<br>Барысы: Логопед “Қаз”, “Қарға”, “Үйрек” сөздерін айтып, балалардан “Қ” немесе “Ү” дыбыстары қайда тұрғанын сұрайды (басында, ортасында).<br><br>**Ілік септігіндегі зат есімдерді құрай алу дағдыларын дамыту**<br>1. “Кімнің жұмыртқасы?”<br>Балалар “тауықтың жұмыртқасы”, “үйректің жұмыртқасы” деп жауап береді.<br>2. “Кімнің қауырсыны?”<br>Балалар логопед көрсеткен қауырсынды (қаздың, үйректің) кімге тиесілі екенін айтады.<br>3. “Кімнің ұясы?”<br>Балалар әр құстың ұясын тауып, атауын айтады (“Әтештің ұясы жоқ”, “Тауықтың ұясы бар”).<br>4. “Кімнің тамағы?”<br>Балалар құстардың тамақтарын атап, толық сөйлем құрайды (“Үйректің жүгерісі”, “Қаздың дәні”).<br><br>**6. Шығармашылық жұмыс** | **Фонематикалық естіп қабылдауын дамыту**<br>1. “Сөздерді бөліп айт”<br>Мақсаты: Буындарды анық айтуға үйрету.<br>Барысы: логопед “Үй-рек”, “Та-уық”, “Ә-те-ш” сөздерін буынға бөледі, балалар оны қайталап айтады.<br>2. “Дыбысты тап”<br>Мақсаты: Сөздердегі берілген дыбыстарды анықтау.<br>Барысы: логопед сөздерді айтады, ал балалар қай дыбыс естілгенін анықтайды. Мысалы: “Қаз” сөзінде “Қ” дыбысы қайда естіледі?<br><br>**5. Ілік септігіндегі зат есімдерді құрай алу дағдыларын дамыту**<br>1. “Құстар мен ұялары”<br>Балалар “Тауықтың ұясы”, “Қаздың ұясы” деп толық сөйлем құрайды.<br>“Кімнің қанаты?”<br>Логопед құстың қанатын көрсетіп, сұрайды: “Бұл кімнің қанаты?” Балалар жауап береді: “Бұл қаздың қанаты”.<br>3. “Кімнің мамығы?”<br>Логопед мамық көрсетіп сұрайды: “Бұл кімнің мамығы?” Балалар толық жауап береді.<br>4. “Кімнің даусы?”<br>Логопед құстың даусын салған аудио қосады, балалар жауап береді: “Бұл әтештің даусы”.<br><br>6. Шығармашылық жұмыс<br>• “Құстар бейнесін бояу”:<br>Балаларға дайын құстардың контурлары беріледі. Олар түрлі-түсті қарындаштармен бояп, әр құстың түсін ажыратады.<br><br>7. Үй құстары бойынша сөйлем құрай дағдыларын дамыту<br>1. “Кім қайда?”<br>Балалар сөйлем құрайды: “Үйрек суда жүзіп жүр”, “Тауық |

| | | |
|---|---|---|
| | • “Құс бейнесін жасау”:<br>Балалар түрлі-түсті қағаздан тауық, қаз немесе үйрек бейнесін қиып, жабыстырады.<br><br>**7. Үй құстары бойынша сөйлем құрай дағдыларын дамыту**<br>1. “Кім не істейді?”<br>• Балалар суретке қарап сөйлем құрайды: “Әтеш шақырады”, “Тауық жүреді”.<br><br>2. “Құстар қайда?”<br>• Балалар сөйлем құрайды: “Тауық қорада жүр”, “Үйрек суда жүзеді”.<br>3. “Кімнің дауысы?”<br>• Балалар сөйлем құрайды: “Әтеш қораздайды”, “Қаз қаңқылдайды”. | қорада жүр”.<br>2. “Не істеп жатыр?”<br>• Логопед құстың әрекетін сипаттайды (жүру, қыт-қыттау), ал балалар толық сөйлем құрау<br> |
| **Сабақтың соңы** | Балаларға бүгінгі сабақта үйренген құстардың атауы мен дауыстарын қайталату.<br>“Үй құстары не береді?” сұрағын талқылау. | Балаларға бүгінгі сабақта үйренген құстардың атауы мен дауыстарын қайталату.<br>“Үй құстары не береді?” сұрағын талқылау. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**<u>Қаңтар 2025 жыл 2 апта</u>**

**Сабақтың мақсаты:**

- «Алыс-жақын» үстеу мәндерін ажырату және қолдану дағдыларын дамыту;
- Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;
- «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту
- Фонематикалық қабылдауды дамыту;
- Бір тыныста бөлмей айтуға үйрету;

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет.<br>Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау. | | | | |
| **Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-ана мен тәрбиешіге кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру. | | | | |
| **Қызығушылығын ояту** | **Сәлемдесу:** Шеңберге тұрып, амандасады.<br><br>Ғажайып сәт.<br>-Балалар менің қолымдағы қорапта не бар екенін білесіңдер ме?<br>-Бірге тамашалайық.<br>Кел балалар күлейік,<br>Күлкіменен тілейік.<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік.<br>-Жарайды, бірге тамашалайық.<br>-Балалар біз денеміздегі мүшелердің аттарын білеміз бе? Қорапта адамның дене мүшелері бар екен. Құрастырайық. | | | | |
| **Артикуляциялық жаттығулар** | **Артикуляциялық жаттығулар орындау**<br>«Сылақшы» жаттығуы<br>Ауыз сәл ашық, тілдің ұшымен таңдайды жалау. 10 - 15 рет қайталау.<br><br>«Сағат» жаттығуы<br>«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.<br><br>**Тыныс алу жаттығуларын орындау** | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***«Сүңгіштер жаттығуы»***<br>Балалар қолдарын 2 жаққа ұстап, ауызбен дем алып, қолдарымен өздерін құшақтап, отырып мұрынмен дем шығарады.(судың астына түскенді көрсетеді)<br><br>***«Кім жылдам» жаттығуы***<br>Балалар мұрынмен тыныс алып шарларды ауызбен үрлейді. Ережеге сай демалып, шарды ең үлкен үрлеген бала жеңіске жетеді.<br><br>***«Жел гулейді» жаттығуы***<br>Ауызды азырақ ашып, у дыбысын бірқалыпты ұзақ айту (ууууууу) | |
| **Негізгі кезең** | **"Ғажайып дорба"дидактикалық ойыны**.<br> <br>*(логопед балаларға сөмкеде қандай үй жануарының жасырынып жатқанын анықтауға, оны атауға және сөмкеден шығаруға кеңес береді)*<br>-Қараңызшы, қандай керемет дорба. Онда бізге келетін қонақтар жасырылды.<br>(балалар үй жануарларының көлемді фигураларын сезінеді, оларды атайды және үстелге қояды)<br>Л:Олар қандай жануарлар?<br>Балалар: бұл үй жануарлары.<br>Л.: Неліктен оларды үй жануарлары деп атайды?<br><br>Балалар: олар адамның жанында тұрады. Адам оларға қамқорлық жасайды, оларға үй салады және тамақ береді.<br><br>**І. «Алыс-жақын» үстеу мәндерін ажырату және қолдану дағдыларын дамыту**<br>*Балалар суретке назар аударайықшы. Айша жақын көрініп тұр ма?, Батыр ма ?*<br>*Ал Батыр ше?*<br> | Бүгін біз тағы да үй жануарлары туралы сөйлесетін боламыз, жаңа ойындар ойнаймыз, қызықты тапсырмаларды орындаймыз. Қандай үй жануарларын білесіңдер, еске түсірейік.<br><br>**І. «Алыс-жақын» үстеу мәндерін ажырату және қолдану дағдыларын дамыту**<br>**1-тапсырма**<br>*Мына суретті түрлі түсті қарындашпен бояңдар. Неге піл кішкентай, тышқан үлкен болып тұрғанын түсіндіріп беріңдер*<br><br><br>**2-тапсырма**<br>*Суретке қарап «алыс-жақын» үстеу мәндерін қо**лданып әңгіме құрастырыңдар*<br><br>**Сергіту сәті** |

**1-тапсырма**

*Суретке қарап «алыс-жақын» үстеу мәндерін қолданып, әңгімелеңдер*



**2-тапсырма**

*Суретке қарап көпірге нелер жақын, нелер алыс тұрғанын айтып беріңдер*



**«Үй жануарларының саяхаты»**

